

## Хаттама №1

Қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті

**Өткізілген күні:** 2025 жылдың 8 қыркүйегі

**Өткізілген орны:** №6 кабинет

**Қатысқандар:** мектеп директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері, ата-аналар комитеті өкілдері, әлеуметтік педагог.

### Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Аз қамтылған және көп балалы жанұя балаларына ыстық тамақ ұйымдастыру және қаржылай көмек көрсету туралы.
2. Білім беру ұйымының оқулықтармен қамтылуына бақылау жүргізу.
3. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы туралы хабарлама.
4. Мектептің ішкі тәртібі бойынша мәселелерді қарау.

### Тыңдалды:

**1-мәселе бойынша: Аз қамтылған және көп балалы жанұя балаларына көмек көрсету**

**Баяндамашы: әлеуметтік педагог Жолжақсы Шашу**

Мектепте жаңа оқу жылының басында оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерделеніп, әлеуметтік мәртебелері нақтыланды. Қазіргі таңда мектепте аз қамтылған отбасы санатындағы оқушылар жоқ.

Мектепте бастауыш сыныптың 31 оқушысы ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын бақылау және оларға қажетті қолдау көрсету жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Қатысушылар оқушылардың әлеуметтік жағдайын үнемі бақылауда ұстап, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

**2-мәселе бойынша: Оқулықтармен қамтылуын бақылау Баяндамашы: кітапханашы Секуова Алтын Тулегеновна.**

Мектеп кітапханасы жаңа оқу жылында 100% оқулықтармен қамтамасыз етті. Әр сынып жетекшісіне оқулық беру тізімдері жасалып, қолхат арқылы тапсырылды. Артық немесе жетіспейтін оқулықтар аудандық білім бөліміне уақытылы сұраныс беріліп толықтырылды. Кеңес мүшелері оқулықтардың сақталуы, ұқыпты пайдаланылуы жөнінде түсіндіру жұмыстарын күшейтуді ұсынды.

**3-мәселе бойынша: «Мектепке жол» акциясы туралы хабарлама Баяндамашы: қамқоршылық кеңесінің төрағасы Муканова Қанат Сарбазұлы.**

Тамыз айында «Мектепке жол = 2025» республикалық акциясы аясында 15 оқушыға мектеп формасы мен оқу құралдары таратылды. Акцияға ауыл кәсіпкерлері, ұстаздар ұжымы және ата-аналар белсенді атсалысты.

**4-мәселе бойынша: Мектептің ішкі тәртібі туралы Баяндамашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қожахметова Алия .**

Мектептің ішкі тәртіп ережесі ҚР Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп қағидаларына сай жаңартылып, барлық сыныптарда таныстырылды. Сабаққа кешігу, мектеп формасын сақтамау, ұялы телефонды сабақ үстінде қолдану сияқты тәртіп бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында профилактикалық шаралар жүргізілуде. Кеңес мүшелері оқушылар арасында өзін-өзі басқару ұйымдарының белсенділігін арттыруды, тәртіпті сақтау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған түсіндірме жұмыстарын күшейтуді ұсынды.

**Жиналыс қаулы етіледі:**

1. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балаларын тегін ыстық тамақпен қамту шараларын тұрақты жүргізу.
2. Сынып жетекшілеріне оқулықтардың сақталуын тұрақты бақылау міндеттелсін.
3. Көмекке мұқтаж отбасылардың тізімі жыл бойы жаңартылып отырсын.
4. Мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау бойынша оқушылар мен ата-аналарға үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

**Кенес төрағасы:** М. Қамар К.С. Муканов

**Хатшы:** Мағй М.Ж. Байбасқова

Қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті

**Өткізілген күні:** 2025 жылдың 11 желтоқсаны

**Өткізілген орны:** №6 кабинет

**Қатысқандар:** мектеп директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері, ата-аналар комитеті өкілдері, әлеуметтік педагог.

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы.
2. Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауы (мектеп формасы, мектепке алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтердің қорытындысы).

**Тыңдалды:**

**1-мәселе бойынша:**

*Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы*

**Баяндамашы:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қожахметова Алия Баяндамада мектепте кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстар туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, сынып сағаттары, құқықтық түсіндіру әңгімелері, құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер, ата-аналармен бірлескен жұмыстардың нәтижелері атап өтілді. Кеңес мүшелері профилактикалық жұмысты жүйелі түрде жалғастыруды, тәуекел тобындағы оқушылармен жеке жұмыстарды күшейтуді ұсынды.

**2-мәселе бойынша:**

*Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауы туралы*

(мектеп формасы, мектепке алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтердің қорытындысы)

**Баяндамашы:** әлеуметтік педагог Жолжақсы Шашу

Мектепте оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауына бақылау жасау мақсатында жоспарлы рейдтер жүргізілді. Рейдтер барысында мектеп формасын сақтау, мектептің ішкі тәртіп талаптарын орындау және қауіпсіздік ережелерін түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Рейд нәтижесінде оқушылар тарапынан тәртіп бұзушылықтар анықталған жоқ. Мектеп формасын сақтау және мектеп ережелерін орындау деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды.

Қатысушылар оқушылар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, мектептің ішкі тәртіп ережелерін насихаттау жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

**Қаулы етілді:**

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.
2. Тәуекел тобындағы оқушылармен жеке профилактикалық жұмысты күшейту.
3. Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауына тұрақты бақылау ұйымдастыру.
4. Мектеп формасын сақтау және мектепке алып кіруге тыйым салынған заттардың алдын алу бойынша рейдтерді жүйелі жүргізу.
5. Ата-аналармен бірлескен түсіндіру жұмыстарын күшейту.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** М. Жансая Қ.С.Муканова

**Хатшы:** Мағиз М.Ж.Байбекова

## Хаттама №3

Қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті

**Өткізілген күні:** 2026 жылдың 4 наурызы

**Өткізілген орны:** №6 кабинет

**Қатысқандар:** мектеп директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері, ата-аналар комитеті өкілдері, әлеуметтік педагог.

### Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы туралы.
2. Мектептің әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынасы, оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында атқарылған іс-шаралар есебі.
3. Аз қамтылған, көп балалы, жартылай асыраушысы жоқ отбасылар балаларының әлеуметтік жағдайы және тамақтануын ұйымдастыру туралы есеп.

### Тыңдалды:

#### 1-мәселе бойынша:

*Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы туралы*

**Баяндамашы:** қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.С.Муканов

Өткен №2 отырыста қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берілді.

Қабылданған қаулылардың басым бөлігі толық көлемде орындалып, профилактикалық және ұйымдастырушылық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілгені атап өтілді.

#### 2-мәселе бойынша:

*Мектептің әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы және оқушылардың денсаулығын сақтау шаралары туралы*

**Баяндамашы:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кожаметова Алия

Мектептің ата-аналар қауымдастығымен, ауылдық медициналық пунктпен және құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыстары туралы есеп ұсынылды. Оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шаралар, спорттық жарыстар, түсіндіру сабақтары және профилактикалық әңгімелер өткізілгені хабарланды.

#### 3-мәселе бойынша:

*Аз қамтылған, көп балалы, жартылай асыраушысы жоқ отбасылар балаларының жай-күйі және тамақтануы туралы*

**Баяндамашы:** әлеуметтік педагог Жолжақсы Шашу

Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайына тұрақты мониторинг жүргізіліп, әлеуметтік мәртебелері нақтыланды. Нәтижесінде аз қамтылған отбасы санатындағы оқушылар анықталған жоқ.

Қазіргі таңда мектепте бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Оқушылардың тұрмыстық жағдайы мен оқу-тәрбие үдерісіне қатысуы тұрақты бақылауда ұсталып, қажетті әлеуметтік-педагогикалық қолдау жұмыстары жүргізілуде.

### Қаулы етілді:

1. Алдыңғы отырыста қабылданған шешімдердің орындалуын тұрақты бақылауда ұстау.
2. Мектептің әлеуметтік ортамен өзара байланысын одан әрі нығайту және оқушылардың денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстарды жүйелі жалғастыру.
3. Аз қамтылған, көп балалы және жартылай асыраушысы жоқ отбасылардың балаларына әлеуметтік қолдау көрсету және олардың тамақтануын үздіксіз бақылау.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** М. Канд К.С.Муканов

**Хатшы:** Мағз М.Ж.Байбекова

## Хаттама №4

Қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті

**Өткізілген күні:** 2026 жылдың 12 мамыр

**Өткізілген орны:** №6 кабинет

**Қатысқандар:** мектеп директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері, ата-аналар комитеті өкілдері, әлеуметтік педагог.

### Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы туралы.
2. Оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерьлерге қамту туралы және оқушылардың жазғы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері.
3. «Қамқоршылық кеңесінің» жылдық жұмысының қорытындысы.

### Тыңдалды:

#### 1-мәселе бойынша:

*Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы туралы*

**Баяндамашы:** қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.С.Муканов

Алдыңғы №3 отырыста қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы мәлімет берілді. Қабылданған тапсырмалардың уақтылы және толық орындалғаны, белгіленген жұмыстардың жүйелі түрде жүзеге асырылғаны атап өтілді.

#### 2-мәселе бойынша:

*Оқушыларды лагерьлерге қамту және жазғы қауіпсіздік туралы*

**Баяндамашы:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кожахметова Алия

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді, қауіпсіз және мазмұнды ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы лагерь жұмысы және сыртқы сауықтыру лагерьлеріне жолдау шаралары туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған түсіндіру жұмыстары, ата-аналармен жүргізілген профилактикалық әңгімелер мен нұсқаулықтар жөнінде баяндалды.

#### 3-мәселе бойынша:

*«Қамқоршылық кеңесінің» жылдық жұмысының қорытындысы туралы*

**Баяндамашы:** қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.С.Муканов

2025–2026 оқу жылында қамқоршылық кеңес тарапынан атқарылған жұмыстардың қорытындысы жасалып, әлеуметтік қолдау көрсету, демеушілер тарту, оқушылардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралардың тиімділігі атап өтілді. Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

### Қаулы етілді:

1. Өткен отырыстарда қабылданған шешімдердің орындалуын қанағаттанарлық деп тану.
2. Оқушыларды мектеп жанындағы және сыртқы лагерьлерге қамту жұмыстарын уақтылы әрі қауіпсіз ұйымдастыруды жалғастыру.
3. Оқушылардың жазғы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналармен және жауапты тұлғалармен бірлескен жұмыстарды күшейту.
4. «Қамқоршылық кеңесінің» 2025–2026 оқу жылындағы жұмысын қанағаттанарлық деп бағалау.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: М. Муканов К.С.Муканов

Хатшы: М.Ж.Байбекова М.Ж.Байбекова